

ӘОЖ 341.24

А.С. Шарипова

Халықаралық тасымал түсінігі және ерекшеліктері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Ғылыми мақала халықаралық тасымал түсінігі және ерекшеліктеріне арналған. Мақалада халықаралық тасымалдың құқықтық реттелуі қарастырылады.

Түйін сөздер: азаматтық құқық, міндеттемелік құқық, шарттық міндеттемелер, шарттан тыс міндеттемелер, тасымалдау қызметі, халықаралық тасымал, халықаралық жеке құқық, халықаралық келісім.

Азаматтық құқықта міндеттемелік құқықтың ерекше бөлімі бір типті міндеттемелерді реттейтін жеке институттардан тұрады. Шарттық міндеттемелер және шарттан тыс міндеттемелер.

Шарттық міндеттемелерді бөлгенде әртүрлі критерийлер алынады. Шарттық институттарды борышкер жүзеге асыратын қызмет түрлеріне қарап - мүлікті беру, жұмыс орындау, қызмет көрсету деп бөледі. Бұл міндеттемеге ҚР-дың АҚ-нің 268-бабында берілген анықтамаға да сәйкес келеді. Осы критерийге сәйкес шарттық міндеттемелердің мына түрлерін бөліп алуға болады: мүлікті меншікке беру жөніндегі міндеттемелер, мүлікті пайдалануға беру жөніндегі міндеттемелер, жұмысты орындау жөніндегі міндеттемелер.

Тасымалдау қызмет көрсету жөніндегі міндетте болып табылады. Тасымалдаудың халықаралық тасымал түрі Қазақстанның басқа мемлекеттерімен тасымалдау кезінде құқықтық тұрғыдан қарастыруын қажет етеді.

Халықаралық тасымал дегеніміз жүктерді немесе жолаушыларды кез-келген куәлік түрімен жүзеге асырылатын тасымал түрі. Тасымалдау халықаралық сипатқа ие болады, егерде жіберу және қабылдау орны әртүрлі мемлекеттердің аумағында жүзеге асырылса.

Халықаралық жеке құқықта «халықаралық тасымал» түсінігі шешімін таппаған. Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамаларында да бұл түсінік берілмеген. Халықаралық тасымал түсінігін анықтайтын қайнар көздер халықаралық көлік конвенциялары.

Конвенциялық анықтамалар нақты мазмұны бар және нақы бір халықаралық тасымал түрін реттейді. 1929 жылғы халықаралық әуе тасымалындағы кейбір ережелерді үйлестіру Варшава

конвенциясына сәйкес, халықаралық тасымал деп танылады: а) тасымалдауда үзілістің болу немесе болмауына қарамастан жөнелту және қабылдау жері екі қатысушы мемлекет аумағында жүзеге асырылса; басқа мемлекеттің аумағында тоқтаған болса.

Яғни Варшава конвенциясына сәйкес, «халықаралық тасымал» нақты мазмұнға ие және ол құқықтық реттеу пәнін құрайды. Бұл басқа жағдайлар үшін және әуе тасымалын жүзеге асырған кезде тасымалды халықаралық тасымал деп тану үшін өзге де критерийлер қажет. Сондықтан жалпы түсінікке қарағанда халықаралық тасымал ұғымы конвенция нормаларымен шектеледі және тар түсінік болып табылады.

«Халықаралық тасымал» мазмұнын ашу үшін басқа да конвенцияларда берілген түсініктер арқылы мүмкін болатын жағдай. Сонымен қатар конвенциялық түсініктердің мағынасын сол конвенцияның контексті бойынша ғана түсіну керек.

Мысалы, Женева конвенциясында «көлік құралы» деп жартылай тіркемесі бар автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер аталады. Бұдан шығатын қорытынды конвенция ұлттық заңнамадан бөлек дербес түсініктермен беріледі.

Жолаушыларды, жүктерді тасымалдау теміржол, автомобил, әуе және теңіз көлігімен жүзеге асырылады. Халықаралық тасымал дегеніміз жүктерді, жолаушыларды екі немесе одан да көп мемлекеттер арасында, сол мемлекеттермен халықаралық келісімдер негізінде орындалатын тасымал. Бұл құқықтық реттеудің ерекшелігі тасымалдаудың негізгі сұрақтарының халықаралық келісімдерде шешілуі. Әдетте мұндай келісімдер тасымалдау құжаттарына қойылатын талаптарды бекітеді, жүктерді қабылдау тәртібін анықтайды.

Женева конвенциясына сәйкес «Халықаралық аралас тасымал» дегеніміз әртүрлі көлікпен аралас шарттарға сәйкес жүктерді бір елден екінші елге жеткізу.

Шартты орындау үшін жүзеге асырылатын жүктерді жеткізу егер бір көлік түрімен жүзеге асырылса, жөнелту операциялары халықаралық аралас тасымал болып есептелінбейді.

Қазақстандық экспорттаушылар Италия, Түркия, Бермуд аралдары, Қытай, Греция, Египет, Индия арасындағы сауда байланыстары үшін Украина айлақтарын пайдаланып келеді. Соңғы бес жылда Қазақстанның сыртқы қатынасында Ирак, Сербия, Марокко, Албания, Уганда, Бенин, Мозамбик секілді елдер пайда болды.

Өзен – Түркменстанмен мемлекеттік шекара темір жолы арқылы Қазақстанның жүк тасымалына Парсы шығанағына шығуға мүмкіндік берілді. Желі құрылысының 80 пайызы отандық кәсіпорындардың қолымен атқарылды. Екі мыңнан астам құрылысшылар 146 шақырым рельс төсеп, жеті станция мен жол айрығын, 68 жасанды имараттарды, төрт көпірді салды. Желі оптикалық талшықты байланыс жүйесімен электр қуатымен қамтылған.

Президент тапсырмасымен құрылысы басталған Жетіген–Қорғас жобасы белгіленген мерзімде аяқталды. Қазақстан мен Қытайды жалғастыратын екінші темір жол желісі транзиттік жүктерді тасымалдауға әзір. «Қорғас» ХШҮО мен Алтынкөл станциясы кешенді жүк айналымы логистикалық хабын құрайды. Желіде 2055 адам жұмыс істейтін болады.

Уәкілетті мемлекеттік орган көлік саласындағы мемлекетаралық қатынастарда келісімдер мен шарттар жасау құқығына ие бола отырып, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген тәртіппен республиканың мүддесін білдіреді.

Тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымызға сәйкес басқа мемлекеттердің заңды және жеке тұлғаларымен сыртқы экономиканы және ынтымақтастықты дамыта отырып, өнімдер (жұмыстар, қызметтер, экспортын (импортын)) жүзеге асыра алады.

Екі ел арасындағы немесе олардың аумағы арқылы транзитпен жүк тасымалдау келісуші тараптардың құзырлы органдарымен берілетін рұқсаттар негізінде автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.

Әрбір жүк тасымалына солай және кері қарай жүруге құқық беретін жеке рұқсаттар беріледі.

Осы халықаралық келісімге сәйкес, жәрмеңке мен көрмелер үшін арналған экспонаттарды, жабдықтар мен материалдарды; хайуандарды, әртүрлі инвентарьлар мен мүліктерді, сондай-ақ спорт шараларын жүргізуге арналған көлік құралдарын; театр әшекейлері мен реквизиттерін, ән-күй аспаптарын, кино түсіру, радио- және теледидар хабарларын түсіруге арналған жабдықтар мен құралдарды; қаза болғандардың денесі мен мәйітін; поштаны; істен шыққан көлік құралдарын; көші-қон кезінде қозғалмалы мүлікті; табиғи апат кезінде көмек көрсетуге арналған медицина жабдықтары мен дәрі-дәрмектерді; техникалық көмек көрсету автомобильдерінің жол жүруі үшін рұқсаттар талап етілмейді.

Халықаралық тасымалдарын жүзеге асыратын автокөлік құралдарында өз елінің тіркеу және айырма белгісі болуы тиіс.

Жалпы халықаралық тасымал **Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы Табысқа салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы 2008 жылғы 19 желтоқсандағы конвенцияға сәйкес**, «халықаралық тасымал» термині теңіз немесе әуе кемесі екінші Уағдаласушы мемлекеттің пункттері арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен кез келген тасымалды білдіреді.

Осы конвенцияға сәйкес, келісімге келген мемлекеттің кәсіпорны теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға тек осы Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

Келісімге келген мемлекеттің кәсіпорны теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдалануда жүзеге асырса және, егер Қазақстанның кәсіпорны Жапонияда кәсіпорынға салынатын салықтан босатылатын болса және, егер Жапонияның кәсіпорны бұдан әрі Қазақстанда салынуы мүмкін Жапонияда кәсіпорынға салынатын салыққа ұқсас кез келген салықтан босатылатын болса.

Келісімге келген мемлекеттің кәсіпорны халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе қылжымайтын мүліктен басқа кез келген мүлікті, мұндай теңіз немесе әуе кемесін пайдалануға байланысты қылжымайтын мүліктен өзге кез келген мүлікті

иеліктен шығарудан алған табыстарға тек осы келісімге келген мемлекетте салық салынады.

Жалпы халықаралық тасымал сұрақтары халықаралық тасымал қатынастарына қатысатын мемлекеттер және көлік түрлеріне қатысты болады. Сондықтан халықаралық тасымал мәселелері ұлттық заңнамалардағы жалпы ережелермен қатар халықаралық нормалармен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын «Жолаушылар тасымалы» АҚ («Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ еншілес компаниясы) темір жол көлігімен 13 - халықаралық бағыт жолаушы та-

сымалдау және жүк тасу (жол жүгін, қол жүгін) қызметімен айналысады.

Алматы қаласының халықаралық әуежайы қазірдің өзінде жылына 4,5 мыңнан аса транзиттік жүк авиарейстеріне қызмет көрсетеді.

Қорыта келе Қазақстанға 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясының негізінде халықаралық тасымал көлемінің өсе түсуі жағдайында елдің бірегей көлік транзитінің мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалану керек.

Көлік қызметінің әлемдік рыногында жүк жеткізудің контейнерлік әдісіне бағдарлану нәтижесінде жүк ағыны барған сайын өскелең бола түсіп, халықаралық жүк тасымалының контейнерлендіру үрдісін танытады.

А.С. Шарипова

Понятие и особенности международных перевозок

Данная статья посвящена вопросам международной перевозки. Рассматриваются понятие международной перевозки и особенности правового регулирования.

A.S. Sharipova

Concept and features of international transportations

This article is devoted concerning the international transportation. The concept of the international transportation and feature of legal regulation is considered.